

THE WAYS OF IMPROVEMENT OF PROGRAM OF DEVELOPMENT OF AGROINDUSTRIAL COMPLEX

Summary In arider the issues of agro-industrial complex (AIC) develops and competitiveness increases, effective management of AIC according international standard, effective ways of development of non-raw materials sector of economics, providing of food security.

Key words: agro-industrial complex, agrarian sector, subsidies, products quality increases, scientific and technical progress, production efficiency, processing of agriculture products.

ӘОЖ 631.162

Смағұлова М., Байболтаева Н.Ә.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа

Мақалада ауылшаруашылығы ұйымдарының есеп саясатын қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылды. Есеп саясатын қалыптастыру кезеңдері; есеп саясатын тандауға және негіздеуге әсер етуші факторлар; есеп саясатының негізгі элементтері, бухгалтерлік және салық есеп саясатының құрылымы зерттелді.

Кілт сөздер: Ауылшаруашылығы, есеп саясаты, бухгалтерлік есеп, салық есебі, қаржылық есептілік, қаржылық есептілік стандарттары.

Кіріспе

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына өту жағдайында республикамыздың ауылшаруашылығы ұйымдарының бухгалтерлік есебін ұйымдастырудың өзекті мәселелерінің ішінде есеп саясатын қалыптастыру ерекше орын алады.

Бухгалтерлік есептің №8 «Есеп саясаты, есептегі бағалаудың өзгеруі және қателер» деп аталатын халықаралық стандартына сәйкес, есеп саясаты – ұйымдардың қаржылық есептілігін дайындау үшін қолданылатын, ерекше принциптер, негіздер, ішкі ережелер жиынтығы [1].

Ауылшаруашылығы ұйымдарындағы есеп саясатының халықаралық есеп принциптеріне сәйкес қалыптасуы төмендегілерді талап етеді [2]:

- шетелде қалыптасқан есеп саясатындағы тәжірибені отандық есеп тәжірибесіне бейімдеу;
- таңдау жасауға және ауылшаруашылығы ұйымдарындағы бухгалтерлік, салық және басқару есебі бойынша есеп саясатының қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау;
- ауылшаруашылығы ұйымдарында кешенді есеп саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасау.

Осы аталғандардың барлығы ауылшаруашылығы ұйымдарында есеп саясатын қалыптастырудың сапасын көтеруге өз септігін тигізеді.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес ауылшаруашылығы ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп мүдделі тұлғаларға инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде қажет болатын ақпаратты ұсыну мақсатында құрылады. Сондықтан, бұл мақсат ұйымдарда есеп саясатының қалыптасуының маңыздылығын анықтайды, өйткені, шешім қабылдау ауылшаруашылығы ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп көрсеткіштеріне тікелей байланысты.

Ауылшаруашылығы ұйымдарында бухгалтерлік және салық есебін жүргізу мақсатында есеп саясатын қалыптастыруда шешімі табылмаған жекелеген мәселелер туындап отыр. Атап айтсақ, ауылшаруашылығы ұйымдарындағы есеп саясаты экономикалық субъектіні басқару құралы

ретінде қаралмайды; есеп саясатының ұйымдық, техникалық және әдістемелік аспектілері толық ашылмайды; есеп саясатын қалыптастыру кезінде көптеген ауылшаруашылығы ұйымдарының салалық ерекшеліктері есепке алынбайды.

Бухгалтерлік және салық есебіне қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық актлерде есеп объектісінің салалық ерекшелігін ашуға аз көңіл бөлінген. Сондықтан, ауылшаруашылығы ұйымдарында бухгалтерлік және салық есебін ұйымдастыру мақсатында есеп саясатының қалыптасуы шешілмеген мәселе болып табылады.

Есеп саясатын құрудың алғашқы кезеңінде есеп жүргізу тәсілдері және әдістемесін таңдауға әсер ететін факторлар ескерілуге тиіс.

Есеп саясатының нұсқасын таңдау шартты түрде кешенді факторлар арқылы анықталады. Оларды екі топқа бөлуге болады :

1) Меншіктің барлық нысанындағы ауылшаруашылығы ұйымдарының есеп саясатын қалыптастыруға әсер етуші жалпы факторлар

2) Ауылшаруашылығы өндірісінің ерекшелігімен байланысты факторлар

Меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындарда есеп саясатын қалыптастыру кезінде, басты есепке алынуы тиіс факторларға келесілерді жатқызуға болады: ауыл шаруашылық субъектілерінің ұйымдық-құқықтық нысандарының көптүрлілігі (акцио-нерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ауыл-шаруашылық өндіруші және тұтынушы кооперативтері, шаруа (фермерлік) қожалықтар, агрохолдингтер және басқа да құрылымдар); ауылшаруашылығы ұйымдары қызметтерінің масштабы (ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және сатып өткізу көлемі, жұмысшылар саны, мүліктер құны, т.б.); еркін қызмет ету деңгейі (баға тағайындау, әріптестерді таңдау кезінде еркін қызмет ету); салық салу жүйесімен қарым-қатынастар (салықтың бірнеше түрлерінен босату, салық бойынша жеңілдіктер); қаржы-шаруашылық даму стратегиясы, инвестицияларды пайдалану мүмкіндігі, ұтымды тапсырмаларды орындау үшін тактикалық қадамадарды пайдалану; бухгалтерлік кадрлардың және басқарушылардың біліктілік деңгейі; материалдық базасы (автоматтандырылған есеп жүйесі және ақпараттық жүйесімен қамтылған).

Ауыл шаруашылығы ерекше сала болып табылады. Ауылшаруашылығы ұйымдары қызметтерінің ерекшеліктері әртүрлі бағыттар бойынша көптеген факторларға негізделеді. Сондықтан, бұл факт ауылшаруашылығы ұйымдарында есеп жүргізу және есеп саясатын дайындау ерекшелігін айқындайды. Ауылшаруашылығы ұйымдарында есеп саясатын қалыптастыру кезінде мақсатты түрде ауылшаруашылығының өндірістік ерекшеліктері есепке алынады. Сол себептен екінші топ факторларына ұтымды түрде, тек қана ауылшаруашылығы ұйымдарында есепке алынуы тиіс факторларды жатқызуға болады.

Біздің елімізде есеп саясатын қалыптастыру мен бекіту талаптары заңдық деңгейде белгіленген. Есеп саясатына қатысты нормалар нормативтік реттеу жүйесінің барлық деңгейдегі құжаттарында қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңына сәйкес есеп саясаты Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі заңнамаларында, қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарында және ұйым жарғысында белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі [3] .

Есеп саясатының қалыптасу тәртібін реттейтін нормативтік құжаттар құрамы толық түрде қамтылған, ал ауылшаруашылығы ұйымдарында есеп саясатының құрылуын реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды шартты түрде келесі екі топқа бөлуге болады:


1) кәсіпорынның салалық тиесілігіне қарамастан қолданылатын ортақ сипаттағы құжаттар;

2) салалық құжаттар, есепті салалық ерекшеліктеріне сәйкес реттеудің тәртібін қарастырады.

Бірінші топ құжаттарына: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі; Қазақстан Республикасының Салық кодексі; «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» туралы заңы; ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік шот жоспарында есепке алынуы және қолдану тәсілі бойынша нұсқаулар. Мүліктерді және қаржылық міндеттемелерді түгелдеу туралы әдістемелік нұсқаулар; Бухгалтерлік есеп туралы ереже. Екінші топ құжаттарын негізінен Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы Министрлігінің ауыл-шаруашылығы ұйымдарының салалық ерекшеліктерін ескере отырып дайындаған әдістемелік нұсқаулары құрайды.

Меншіктің және шаруашылық жүргізудің әр түрлі нысандарына негізделген субъектілердің пайда болуы, нарықтық құрылымдардың қалыптасуы бухгалтерлік есепте нақты субъектінің ерекшеліктерін көрсету қажеттіліктерін ескеруге, яғни олардың әр қайсысында есеп саясатын құруға мүмкіндік туғызды.

Қаржылық есептіліктің Ұлттық стандартының «Есеп саясаты, есептік бағалаулар және кателер» деп аталатын бөлімі есеп саясатының негізгі элементтерін анықтайды, сондықтан есеп саясаты бойынша ұйым басшысының бұйрығында ұйымның қызметінде қолданылатын барлық қаржы-экономикалық қызметтің параметрлері көрсетілуі тиіс (3-сурет).



Есеп саясаты ұйымдағы бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың біртұтастығын болжайды және ол есеп жүргізу үдерісінің барлық құрамдас бөліктерін – ұйымдық-техникалық, әдістемелік аспектілерін қамтиды [4].

Ауылшаруашылығы ұйымдарының бухгалтерлік есебін жүргізу мақсатында дайындалатын есеп саясатының құрылымы 1-кестеде келтірілді.

1 Кесте - Ауылшаруашылығы ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп
жүргізу саясатының құрылымы

№	Есеп саясатының аспектілері	Таңдау нұсқалары
Ұйымдық-техникалық аспект		
1.	Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру	1.Құрылымдық бөлім ретінде бухгалтерия аппаратын құру 2.Бухгалтерлік есепті жүргізуді келісім-шарт негізінде арнайы фирмаларға немесе маман бухгалтерлерге тапсыру 3.Бухгалтерлік есепті субъект басшысының өзінің жүргізуі
2.	Бухгалтерлік есеп нысаны	1. Автоматтандырылған 2. Журнал-ордерлік 3. Жеңілдетілген (қысқартылған) 4. Мемориалды-ордерлік
Әдістемелік аспект		
1	Бухгалтерлік есеп жүргізу әдістемесі	
	1.1.Күмәнді дебиторлық борыштар бойынша резерв құру әдісі	Өнімді (жұмысты, қызметті) сатып-өткізу көлемінен есептелінетін пайыздық әдіс 2. Төлеу мерзімдері бойынша шоттарды есепке алу әдісі
	1.2. Негізгі құралдар-дың, материалдық ем-ес активтердің тозу-ын есептеу әдісі	Бірқалыпты Өндірістік Кеміп отыратын қалдық
	1.3.Тауарлы-материалдық қорларды бағалау әдісі	Орташа құн ФИФО Ерекшеліктеріне қарай теңестіру
	1. 4. Өндіріс шығын-дарын есепке алу әдісі	Нормативтік Өндірістік кезендер бойынша
	1.5. Биологиялық активтерді және ауылшаруашылық өнімдерін бағалау әдісі	1. Әділетті құн бойынша 2. Өзіндік құн бойынша
	1.6.Қаржылық инвестицияларды бағалау әдісі және т.б.	1. Әділетті құн бойынша 2. Амортизацияланушы құн бойынша 3. Сатып алу құны бойынша

Таңдалынып алынған ұйымның есеп саясаты тиісті ұйымдық-үкімдік құжаттарда көрсетілуге тиісті. Ондай құжаттарға кәсіпорын басшысының бұйрығы, өкімі, кәсіпорынның ішкі ережелері, нұсқаулары және процедуралары, меншік иелерінің шешімдері (акционерлердің, серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының шешімдері) және т.б. құжаттар жатады. Іс-тәжірибеде осы аталған құжаттардың ішінде кең қолданылатыны - ұйым басшысының бұйрығы.

Қазіргі уақытта ауылшаруашылығы ұйымдарында салық есебін дұрыс жүргізу үшін есеп саясатын дайындаудың және қолданудың маңызы зор.

Отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде салық төлеудің жалпы режимін пайдаланатын және арнайы салық түрін төлеуші болып табылатын ауылшаруашылығы ұйымдарында салық есебін жүргізу мақсатында дайындалатын есеп саясатының құрылымы жасалынды (4-сурет).



4-сурет. Ауылшаруашылығы ұйымдарында салық есебін жүргізу мақсатында дайындалатын есеп саясатының құрылымы.

Біздің ойымызша, ауылшаруашылығы ұйымдары үшін бірегей есеп саясатын қолданудың негізгі артықшылығы - ақпараттарды жинауға, өңдеуге шығарылатын еңбек шығындарын мейлінше азайту болып табылады.

Ауылшаруашылығы ұйымдарының есеп саясаты бухгалтерлік есеп жүйесін және қаржылық есептілікті реттеуші құжат болып табылады. Қаржылық есептілік ұйымдағы бухгалтерлік, қаржылық, өндірістік (басқару) және салық есебінің өзара байланысынсыз құрыла алмайды. Осы есеп салаларының әрқайсысы қорытынды есепті құру үшін пайдаланылатын ақпараттарды дайындау үшін белгілі бір тәртіптерді және ережелерді талап етеді. Сөйтіп, есеп саясаты ұйымның нормативтік құжаттарының жиынтығы ретінде жасалынған арнайы өкімдік ішкі шаруашылық құжат болып табылады. Сондықтан, есеп саясатының ережелерін белгілеу кезінде қандай да бір таңдау жасаудың экономикалық зардаптарына алдын ала баға бере отырып, барлық болуы мүмкін нұсқаларды егжей-тегжейлі қарастыра отырып шешім қабылдау қажет. Және де мұндай кезде ауылшаруашылығы ұйымдарының ағымдағы кезеңдегі экономикалық жағдайы мен стратегиялық мақсаты ескерілуге тиісті.

Әдебиеттер

1. Методические рекомендации по применению международных стандартов бухгалтерского учета и финансовой отчетности. Алматы: ИД «БИКО», 2008
2. Осипова А.И. Методологические основы формирования учетной политики сельскохозяйственных организаций // Аудит и финансовый анализ. – 2011 – № 3
3. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы – Алматы: 2007
4. Байболтаева Н.Ә. Ауылшаруашылығы ұйымдарының есеп саясатын қалыптастыру мәселелері // Алматы, Халықаралық ғылыми журнал «Ізденіс (Поиск)», № 4, 2013

Смагулова М., Байболтаева Н.А.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ УЧЕТНОЙ ПОЛИТИКИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

В статье рассмотрены вопросы формирования учетной политики сельскохозяйственных организаций. Исследованы: этапы формирования учетной политики; факторы, влияющие на выбор и обоснование учетной политики; основные элементы, структура бухгалтерской и налоговой учетной политики.

Ключевые слова: Сельское хозяйство, учетная политика, бухгалтерский учет, налоговый учет, финансовая отчетность, стандарты финансовой отчетности.

Smagulova M., Bayboltaeva N.A.

IMPROVING THE FORMATION OF ACCOUNTING POLICIES AGRICULTURE ORGANIZATION

The paper deals with the accounting policy of agricultural organizations. Investigated: the stages of formation of accounting policy, factors affecting the choice of accounting policies and the rationale, the main elements of the structure of the accounting and tax accounting policies.

Keywords: Agriculture, accounting policies, accounting, tax accounting, financial reporting, financial reporting standards.

УДК 65.9 (2)212.4.

Субанов Н.Ж.

Институт социального развития и предпринимательства при Министерстве труда, миграции и молодежи Кыргызской Республики, г. Бишкек

ФОРМИРОВАНИЕ МАРКЕТИНГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ: ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛГИЯ

Аннотация

В статье рассматривается становление сельскохозяйственной экономики и теоретические и методологические аспекты формирования маркетинговой деятельности в сельском хозяйстве. Отмечается, что главная задача сельскохозяйственных товаропроизводителей является подготовка кадров, изучение рынка сбыта и выбор экономически эффективных каналов продвижения товарной продукции.

Ключевые слова: Сельское хозяйство, маркетинг, специализация и кооперация, рынок сбыта, спрос.